

**"Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құруға келісім беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 115 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 135-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құруға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*